

Әкімдіктің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 52 "2014 жылы Федоров ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 203 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 шілдеде № 4908 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 - бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 – бабы 5) тармақшасына, 20 – бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Федоров ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 52 "2014 жылы Федоров ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4480 тіркелген, 2014 жылғы 20 наурызда "Федоровские новости" аудандық газетінде жарияланған) " Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері" жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген қосымшаға мынадай өзгеріс және т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

13 реттік нөмір жаңа редакцияда жазылсын:

"

№	Ұйымның атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі (сағат)	Еңбекақы төлеу	Жұмыстардың нақты жағдайлары
13	"Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, аумақты жинауға және елді мекендерді аббаттандыруға көмектесу	14568	Ең төменгі айлық жалақының 1,5	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен көзделген шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен

"

;

мынадай мазмұндағы 15 реттік нөмірімен толықтырылсын:

"

№	Ұйымның атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі (Еңбекақы төлеу сағат)	Жұмыстардың нақты жағдайлары
15	"Федоров ауданының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды өңдеу бойынша күнделікті техникалық жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету үшін	1840	Ең төменгі а й л ы қ жалақының 1,5

"

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы **З.А. Байменоваға** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ф е д о р о в

ауданының әкімі

Қ. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

Ф е д о р о в

а у д а н ы н ы ң п р о к у р о р ы

Н. Абенов